

**D065 – «Аймақтану»
білім беру бағдарламалары тобына
докторантураға түсушілерге арналған
емтихан бағдарламасы**

I. Жалпы ережелер

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы сұхбаттасудан, эссе жазудан және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан тұрады.

Блогы	Балы
1. Сұхбаттасу	30
2. Эссе	20
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	50
Барлығы/ өту ұпайы	100/75

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат 10 минут, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

II. Түсу емтиханын өткізу тәртібі

1. D065 «Аймақтану» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250 сөзден кем болмауы керек.

Эссе мақсаты – теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументациясын құрастыру қабілетінде көрініс табатын аналитикалық және шығармашылық қабілеттер деңгейін анықтау.

Эссенің түрлері:

- зерттеу қызметіне ынталандырушы себептерді ашатын мотивациялық эссе;
- жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдістемесін негіздейтін ғылыми-аналитикалық эссе;
- пәндік саладағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін көрсететін проблемалық/тақырыптық эссе.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар:

«Халықаралық қатынастар жүйесіндегі аймақтардың өзекті мәселелері: теориялық және практикалық тәсілдер» пәні

1-тақырып. Жаһандану жағдайындағы аймақтық үдерістерді зерттеудің теориялық тәсілдері

Аймақтану теориясы мен тарихы. Геосаяси ой-пікір және оның аймақтарды зерттеуге ықпалы. Аймақтанудың дербес ғылыми бағыт ретінде қалыптасуы. Геосаяси, социологиялық, саяси-экономикалық және географиялық тұжырымдамалардың өзара ықпалдастығы. Ұғымдық аппарат және әлемдік саясаттағы аймақтардың рөлі. Жаһандану дәуіріндегі «аймақ» және «аймақтық өлшем» ұғымдарының эволюциясы. «Жаһандық аймақ» феномені және халықаралық аймақтардың халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны. Кеңістіктік талдау деңгейлері. Әлемдік саясаттың әртүрлі деңгейлерін зерттеу әдіснамасы. Макроаймақтық, елтанулық және субаймақтық деңгейлер. Аймақтық қауіпсіздік және интеграциялық үдерістер. «Аймақтық қауіпсіздік кешені» ұғымын тұжырымдау. Қазіргі интеграциялық және дезинтеграциялық үрдістерді, аймақтардағы орталықтан тепкіш және орталыққа тартқыш үдерістерді теориялық тұрғыдан түсіндіру.

2-тақырып. Аймақтық кіші жүйелерді жүйелік талдау әдіснамасы

«Аймақтық кіші жүйе» ұғымы және оның қазіргі саяси ғылымдағы қалыптасу критерийлері. Әлемдік саясаттағы жүйелік (жаһандық) және аймақтық талдау деңгейлерінің өзара әрекеттесуі. Аймақ шекараларын анықтау: географиялық, саяси, экономикалық және тарихи-мәдени өлшемдер. Аймақтық кіші жүйелердің құрылымдық элементтері: жетекші мемлекеттер (өзек), жартылай периферия және периферия. Аймақтық үдерістердің жаһандық державалардың ықпалынан автономдылығы мәселесі.

3-тақырып. Қазіргі әлемнің жаңа трендтері және халықаралық қатынастардағы аймақтық мәселелер

Аймақтану (регионализация) – қазіргі халықаралық қатынастардың объективті үдерісі. ХХІ ғасырдағы жаһандану мен аймақтану үдерістерінің өзара байланысы мен қайшылықтары. Аймақшылдық (регионализм) аймақтанудың саяси көрінісі ретінде. «Ашық аймақшылдық» және «Жабық аймақшылдық»: модельдерді салыстырмалы талдау және олардың көпжақты дипломатия дағдарысы жағдайындағы өміршеңдігі. Аймақтық қатынастардың саяси және экономикалық құрамдас бөліктері.

4-тақырып. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі перифериялық аймақтар және олардың белсенділенуі

Нақты полицентризм қағидаттарына негізделген жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуы. Бірполярлы құрылымның трансформациясы және Жаһандық Оңтүстік елдерінің саяси субъектілігінің артуы. Аймақтар және аймақтық әрі екіжақты қатынастар кешендері. Дәстүрлі ықпал орталықтары мен «өрлеуші» аймақтық державалар арасындағы күштер тепе-теңдігінің өзгеруі. Экономикалық және технологиялық дамудың үш әлемдік полюсінің (макроаймақтарының) қалыптасуы – Солтүстік Америка (НАФТА), Батыс Еуропа (ЕО) және Азия-Тынық мұхиты аймағы.

5-тақырып. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі аймақтар және аймақтық кіші жүйелер

Аймақтың халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны, оның экономикалық, геосаяси және өркениеттік сипаттамалары. ХХІ ғасырдың басындағы Азия-Тынық мұхиты аймағындағы халықаралық қатынастарда Қытай мен Жапония рөлінің артуы. Бейжің мен Токионың сыртқы саяси стратегиялары, олардың экономикалық экспансиясы және аймақтық көшбасшылық үшін бәсекелестігі. ХХІ ғасыр басындағы жаңа геосаяси жағдайлардағы Шығыс Азия. Латын Америкасы халықаралық қатынастарда: интеграциялық бастамалар, солшыл бағыттың күшеюі және сыртқы акторларға тәуелділікті еңсеру. Африка халықаралық қатынастардың аймақтық кіші жүйесі ретінде: жаңғырту мәселелері, институционалдық даму және Африка одағының рөлі.

6-тақырып. Таяу Шығыс – жаһандық және аймақтық қарсы тұрудың ерекше өңірі

Таяу Шығыстың аймақтық кіші жүйесінің ерекшеліктері және оның геосаяси маңызы. Аймақтық үдерістердің негізгі тарихи, конфессиялық (шиит-сүннит бөлінісі) және ресурстық факторлары. Аймақтық үстемдік үшін күрес: Сауд Арабиясы, Иран, Түркия және Біріккен Араб Әмірліктерінің сыртқы саяси стратегиялары. Араб-израиль қақтығысы, Палестина мәселесі және оларды реттеу жолдарының эволюциясы. «Іске аспаған мемлекеттер» (failed states) феномені және прокси-күштердің аймақты тұрақсыздандырудағы рөлі.

7-тақырып. Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар

Орталық Азия халықаралық қатынастардың субаймақтық кіші жүйесі ретінде. Аймақтың геосаяси әлеуеті, тарихи тамырлардың ортақтығы және мемлекеттердің ұлттық мүдделерінің ерекшеліктері. Орталық Азия мемлекеттерін жаһандық кеңістікке кіріктірудің перспективалық стратегиялары. Аймақ елдерінің сыртқы саясатындағы көпвекторлық тұжырымдамасының жүзеге асырылуы. Посткеңестік кеңістіктегі аймақтық ұйымдар (ТМД, ЕАЭО, ҰҚШҰ): институционалдық құрылымы, тиімділігі және аймақтық өзара іс-қимылға ықпалы. Орталық Азия мемлекеттері

басшыларының Консультативтік кездесулерінің өңірішілік шоғырлану форматы ретіндегі әлеуеті.

8-тақырып. Өңіраралық өзара іс-қимылдың көпжақты форматтары мен институттары

Полицентрлі әлемнің қалыптасуы жағдайындағы көпжақты дипломатияның трансформациясы. БРИКС-тің кеңеюі Жаһандық Оңтүстікті институционалдандыру факторы ретінде, оның экономикалық салмағы және жаһандық басқару институттарын реформалау күн тәртібі. Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) трансөңірлік әріптестіктің үлгісі ретінде: әскери саладағы сенім шараларынан қауіпсіздік пен экономика саласындағы көпқырлы ынтымақтастыққа дейінгі эволюциясы. «Орталық Азия + сыртқы серіктестер» (АҚШ, ЕО, Қытай, Ресей, Жапония) форматтарының рөлі мен маңызы.

10-тақырып. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері. Аймақтық қақтығыстар және олардың қазіргі кезеңдегі ерекшеліктері

Ұлттық, аймақтық және жаһандық қауіпсіздік: өзара байланыс диалектикасы. «Жаңа қатерлерді» бейтараптандырудағы халықаралық қатынастардың дәстүрлі және дәстүрлі емес субъектілерінің рөлі: мемлекет, халықаралық ұйымдар, трансұлттық корпорациялар, үкіметтік емес ұйымдар және т.б. Қауіптердің ауқымының кеңеюі: экологиялық, азық-түлік, энергетикалық және киберқауіпсіздік. Орталық Азия өңіріндегі негізгі қауіпсіздік сын-қатерлері (экстремизм, діни радикализм, есірткі трафигі, заңсыз көші-қон және т.б.). Жаһандық және аймақтық қақтығыстар мен дағдарыстар: типологиясы, құрылымы және превентивтік дипломатияның заманауи әдістері.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Воскресенский А.Д. Мировое комплексное регионоведение : учебник / под ред. проф. А. Д. Воскресенского. — Москва : Магистр : ИНФРА М, 2025. — 416 с .
2. Лебедева М.М. Мировая политика : Учебник для бакалавров / М.М. Лебедева. – М.: Кнорус, 2013. - 256 с
3. Теория международных отношений : учебник для вузов / под редакцией П. А. Цыганкова. — Москва : Издательство Юрайт, 2026. — 317 с. — (Высшее образование). — ISBN 978-5-534-03010-5. — Текст : электронный // Образовательная платформа Юрайт — URL: <https://urait.ru/bcode/583177>
4. Василенко, И. А. Геополитика современного мира : учебник для вузов / И. А. Василенко. — 4-е изд., перераб. и доп. — Москва : Издательство Юрайт, 2026. — 320 с.
5. Huntington, S. P. (1996). The clash of civilizations and the remaking of the world order. New York: Simon and Schuster, 245.

6. Кушкумбаев С.К. Центральная Азия на путях интеграции: геополитика, этничность, безопасность. Алматы: Казакстан, 2002. 198 с.

7. Иватова Л.М. Халықаралық қатынастар теориясы: оқу құралы / Л.М. Иватова, Ә.С., Қайдарова, Ә.Т. Мухитденова. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 292 б.

8. Buzan, Barry. Regions and Powers: The Structure of International Security . Cambridge University Press , 2003. - Available at: <https://library.au.int/regions-and-powers-structure-international-security-3>

9. Медеубаева Ж.М. Халықаралық қатынастар теориясы. Оқу құралы. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті. – 2006, 98 бет.

«Аймақтануды зерттеудің әдістемелік негізі» пәні

1-тақырып. Қазіргі аймақтар зерттеу нысаны ретінде

Әлем аймақтары қоғамдық және саяси қатынастардың ерекше түрі ретінде, сондай-ақ дербес ғылыми зерттеудің пәні мен нысаны ретінде қарастырылады. Әлемдік саясаттағы аймақтылықтың критерийлерін, аймақтардың кеңістіктік және функционалды шекараларын анықтау мәселелері. Гуманитарлық білім жүйесіндегі мезодеңгей ұғымы және оның ерекшеліктері. Қазіргі кезеңдегі аймақтық интеграциялық үдерістердің негізгі түрлері, олардың жіктелуі, қозғаушы күштері және жаһандық саяси архитектураның трансформациясына ықпалы.

2-тақырып. Халықаралық қатынастар теориялары: ұғымы, ерекшелігі, типологиясы

Халықаралық және аймақтық үдерістерді талдаудың теориялық-әдіснамалық негіздері. Н. Макиавелли, Т. Гоббс, Э. де Ваттель, К. фон Клаузевицтің классикалық саяси ілімдеріндегі халықаралық қатынастар, күштер тепе-теңдігі, егемендік және қақтығыстар табиғаты мәселелері, сондай-ақ олардың қазіргі аймақтану ғылымында қолданылу мүмкіндіктері. Мемлекеттердің халықаралық қатынастардағы негізгі егемен субъектілер және шешім қабылдау орталықтары ретіндегі рөлі. Халықаралық режимдер мемлекеттердің институционалды ынтымақтастығы мен өзара байланысын қамтамасыз ететін тиімді аналитикалық құрал және механизм ретінде.

3-тақырып. Аймақтық үдерістерді зерттеуді ақпараттық қамтамасыз ету

Аймақтанулық зерттеулердің дереккөздік және эмпирикалық базасын қалыптастыру әдіснамасы. Гуманитарлық білім саласындағы ақпарат пен ақпараттық массивтердің әртүрлі түрлері, оларды жіктеу, жүйелеу және сыни талдау қағидаттары. Деректерді тексеру (верификациялау), ақпарат көздерінің сенімділігі мәселелері және ресми құжаттармен, статистикалық материалдармен, мұрағаттық деректермен, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың материалдарымен жұмыс істеу ерекшеліктері.

4-тақырып. Қолданбалы саяси зерттеулердегі ақпараттық технологиялар

Қолданбалы саяси және аймақтанулық жобаларды жүзеге асырудағы заманауи ақпараттық технологиялардың рөлі. Аймақтық трендтерді мониторингтеу, үлкен деректерді (Big Data) жинау және медиакеністікті автоматтандырылған контенттік талдау үшін цифрлық құралдарды пайдалану. Жағдаяттық талдау жүргізу және тәуекелдерді жедел болжау мақсатында мамандандырылған деректер базалары мен желілік ресурстарды қолдану.

5-тақырып. Аймақтық үдерістерді зерттеудегі жүйелік тәсіл

Халықаралық және аймақтық ортаға қатысты жүйелік талдау әдіснамасы. Халықаралық қатынастардағы «аймақтық кіші жүйе» ұғымы. Халықаралық жүйелерді зерттеудің негізгі тәсілдері: дәстүрлі-тарихи, тарихи-элеуметтанулық, эвристикалық, аралас, құрылымдық және функционалдық. Жаһандану жағдайындағы халықаралық жүйелердің қызмет етуі, тұрақтануы және трансформациялануының негізгі объективті заңдылықтары.

6-тақырып. ХХІ ғасыр тоғысындағы халықаралық үдерістер және қақтығыстардың ерекшелігі

Жаһандық және аймақтық деңгейлердегі қазіргі халықаралық үдерістердің динамикасы, құрылымы және бағыттылығы. ХХІ ғасыр тоғысындағы халықаралық қақтығыстардың негізгі сапалық ерекшеліктері: асимметриялық соғыстар феномені, жергілікті дағдарыстардың интернационалдануы және прокси-күштердің рөлі. Қақтығыстарды типологиялау, олардың шиеленісу сатыларын талдау және превентивтік дипломатия механизмдерінің тиімділігін бағалаудың әдіснамалық тәсілдері.

7-тақырып. Халықаралық ынтымақтастық және аймақтық интеграция үдерістері

Мемлекеттердің бейбіт өзара іс-қимылы мен ынтымақтастығын зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері. Халықаралық ынтымақтастық шиеленісті төмендетудің маңызды факторы ретінде. Аймақтық интеграция үдерісі: еркін сауда аймақтарынан бастап терең экономикалық және саяси одақтарға дейінгі классикалық даму сатылары. Интеграциялық бірлестіктердің тиімділігін бағалау әдістері, олардың институционалдық құрылымын талдау және интеграцияға кедергі келтіретін немесе ықпал ететін факторларды зерттеу (АСЕАН, ЕАЭО, Еуропалық Одақ, МЕРКОСУР тәжірибесі негізінде).

8-тақырып. Қолданбалы зерттеулер мен сараптамалық талдау әдіснамасы

Аймақтық үдерістерді қолданбалы саяси талдаудың құралдары мен тәжірибелері. Сараптамалық қорытындылардың, талдамалық жазбалардың және жағдайлық баяндамалардың мемлекеттердің ішкі және сыртқы саяси тәжірибесіндегі рөлі. Халықаралық қатынастарды зерттеуде нақты геосаяси

акторлар мен макроаймақтардың күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін кешенді бағалау үшін SWOT-талдау әдісін қолданудың ерекшеліктері. Дискурстық талдау, оның теориялық негіздері және кешенді қауіпсіздік мәселелерін зерттеудегі, ұлттық доктриналарды, стратегияларды және ресми саяси нарративті талдаудағы практикалық тиімділігі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Теория международных отношений на рубеже столетий / Под ред. К. Буса и С. Смита. – М., 2002.

2. Цыганков П.А. Теория международных отношений. Учебное пособие. М., 2003.

3. Лебедева М.М. Мировая политика: Учебник для вузов. 2-е изд., р. и доп.: М.: Аспект Пресс, 2007.

4. Современная мировая политика: Прикладной анализ: учебное издание / Под ред. А.Д. Богатурова. 2-е изд. испр. и доп. М.: Аспект Пресс, 2010.

5. Современные международные отношения: учебник / Под ред. А.В. Торкунова, А.В. Мальгина. М.: Аспект Пресс, 2012.

6. Внешняя политика стран СНГ. Учебное пособие/Колл. авторов под ред. Дегтерева Д.А., Курылева К.П. –Москва: Изд. «Аспект Пресс», 2019. -496 с.

7. Лаумулин М.Т. Центральная Азия в эпоху перемен. Нур-Султан, 2020

8. Медеубаева Ж.М. Халықаралық қатынастар теориясы. Оқу құралы. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті. – 2006, 98 бет.

«Әлемдік державалар және халықаралық қауіпсіздіктің аймақтық аспектілері» пәні

1-тақырып. Халықаралық және аймақтық қауіпсіздікті талдаудың теориялық-әдіснамалық негіздері

«Халықаралық қауіпсіздік» ұғымы және оның жаһандық трансформация дәуіріндегі мазмұнының эволюциясы. Қазіргі саяси ғылымдағы жаһандық, аймақтық және ұлттық қауіпсіздіктің өзара арақатынасы. Халықаралық қатынастар теориясының негізгі мектептерінің (реализм, либерализм, конструктивизм) соғыс, бейбітшілік және стратегиялық тұрақтылық мәселелеріне қатысты концептуалдық тәсілдері. Қауіпсіздіктің аймақтық кешендер теориясы және оларды айқындау критерийлері. Дүниежүзілік державалардың аймақтық қауіпсіздік кіші жүйелерін қалыптастырудағы жүйекұраушы рөлі.

2-тақырып. Жаһандық қауіпсіздік архитектурасы және әлемдік державалардың рөлінің трансформациясы

Полицентрлі әлемдік тәртіптің қалыптасуы және оның халықаралық институттардың тұрақтылығына ықпалы. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің

бейбітшілікті сақтаудағы рөлі және көпжақты дипломатия дағдарысы. Ұлы державалар (АҚШ, ҚХР, РФ) арасындағы стратегиялық бәсекелестік және оның аймақтық қауіпсіздік жүйелеріне проекциясы. Әскери доктриналардың өзгеруі, ядролық тежеу және жаппай қырып-жою қаруын (ЖҚК) таратпау мәселелері. «Гибридті қауіптер» және асимметриялық қақтығыстар феномені.

3-тақырып. АҚШ-тың жаһандық және аймақтық қауіпсіздік саласындағы стратегиясы

XXI ғасырдағы АҚШ ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамаларының эволюциясы. «Жаһандық үстемдік» стратегиясы, көпжақты тәсіл және «ақылды күш» (smart power) концепциясы. Америкалық әскери-саяси альянстардың желілік құрылымы (НАТО, AUKUS, QUAD) және олардың жаңа сын-қатерлерге бейімделуі. АҚШ-тың негізгі аймақтық шиеленіс ошақтарына қатысты саясаты. Санкциялық қысым, превентивтік дипломатия және гуманитарлық интервенциялар Вашингтонның сыртқы саясат құралдары ретінде.

4-тақырып. Қытайдың сыртқы саяси стратегиясы және оның аймақтық қауіпсіздік тұжырымдамалары

ҚХР-дың халықаралық қауіпсіздікке көзқарасының трансформациясы: «көлеңкеде қалу» саясатынан «адамзаттың ортақ тағдыры қауымдастығы» концепциясына өтуі. Жаһандық қауіпсіздік бастамасы (GSI) – әлемдік тәртіптің баламалы моделі ретінде. Қытайдың Азия-Тынық мұхиты аймағындағы стратегиясы: Тайвань мәселесі, Оңтүстік Қытай теңізіндегі аумақтық даулар және сыртқы акторлардың ықпалын шектеу. «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясындағы экономикалық қауіпсіздік құралдары.

5-тақырып. Ресейдің сыртқы саясаты және Еуразиялық кеңістіктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Ресей Федерациясының сыртқы саясат тұжырымдамасы және ұлттық әрі ұжымдық қауіпсіздік саласындағы басымдықтары. Ресейдің Үлкен Еуразиялық әріптестікті қалыптастыру стратегиясы. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) және Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) посткеңестік кеңістіктегі тұрақтандыру тетіктері ретінде. Мәскеудің «қатып қалған» және белсенді аймақтық қақтығыстарды реттеуге қатысты тәсілдері. Көпжақты институттар аясындағы Ресейдің негізгі серіктестерімен өзара іс-қимылы.

6-тақырып. Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздік кешені

Орталық Азия халықаралық қауіпсіздіктің субаймақтық кіші жүйесі ретінде және оның ерекше күштер тепе-теңдігі. Аймақтың ішкі осал тұстары: трансшекаралық су ресурстары, экологиялық қауіптер, мемлекеттік шекараларды толық делимитациялау мәселелері. Қауіпсіздікке негізгі қатерлер: діни экстремизм, исламдық радикализм, халықаралық терроризм,

есірткі трафигі және заңсыз көші-қон. Ауған факторының аймақ тұрақтылығына әсері. Орталық Азиядағы әлемдік державалардың стратегиялары және мемлекет басшыларының консультативтік кездесулерінің ішкі консолидациядағы әлеуеті.

7-тақырып. Жаһандық Оңтүстіктің көпжақты институттары және трансаймақтық қауіпсіздік

Полицентризм жағдайында көпжақты дипломатияның жаңа форматтарының дамуы. Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) – «үш зұлым күшке» (терроризм, сепаратизм, экстремизм) қарсы күрес және аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз ету моделі ретінде. БРИКС-тің кеңеюі және Жаһандық Оңтүстіктің экономикалық әрі ақпараттық қауіпсіздік күн тәртібін қалыптастыруы. Аймақтық ұйымдардың (Африка одағы, АСЕАН, МЕРКОСУР) дағдарыстарды локализациялау және сыртқы әскери араласуды болдырмаудағы рөлі.

8-тақырып. Қазіргі заманғы дәстүрлі емес аймақтық қауіпсіздік қатерлері

Цифрлық дәуірдегі халықаралық қауіпсіздік қатерлерінің әртараптануы. Ақпараттық кеңістік мемлекетаралық бәсекелестік алаңы ретінде: критикалық инфрақұрылымға кибершабуылдар, ақпараттық соғыстар және дезинформацияға қарсы іс-қимыл. Энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігі аймақтық тұрақтылық факторы ретінде. Климаттық өзгерістер, экологиялық деградация және экологиялық көші-қон ағындарының пайда болуы. Трансұлттық корпорациялар (ТҰК) мен үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) қауіпсіздікке әсері және жаңа қауіптерді қалыптастырудағы рөлі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лаумулин М. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике. Алматы. 2009.
2. Современные международные отношения: учеб. / под ред. А.В. Торкунова, А.В. Малыгина. М., 2018. 688 с
3. Акимбеков С. М. Афганский узел и проблемы безопасности Центральной Азии. Алматы, 1998.
4. Центральная Азия сегодня: вызовы и угрозы / Под общей редакцией доктора политических наук, профессора К.Л. Сыроежкина: Монография. — Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011.
5. Губайдуллина М.Ш., Чеботарев А.Е. Европейский Союз и страны Центральной Азии: возможности и перспективы сотрудничества в свете новой стратегии. – Алматы, 2021.- 300 с.
6. Европейский союз и Евразийский экономический союз: долгосрочный диалог и перспективы соглашений. – СПб., 2016.
7. Денисов И.Е. Поднебесная смотри на Запад //Контурь глобальных . – 2016. Вып.6, Т.9. С.20.

«Саяси аймақтану» пәні

1-тақырып. Әлеуметтік-гуманитарлық білім жүйесіндегі саяси аймақтану

Саяси аймақтанудың пәні, нысаны, зерттеу кеңістігі және негізгі функциялары. Пәннің пәнаралық сипаты, оның саясаттану, геосаясат, салыстырмалы саясаттану және кеңістік социологиясымен байланысы. Аймақтық зерттеулердің шетелдік және отандық мектептерінің эволюциясы. Ғылымның негізгі категориялары: «саяси кеңістік», «саяси уақыт», «аймақ», «субұлттық макроаймақ» және «жергілікті қауымдастық». Әдіснамалық құралдар: институционалдық, құрылымдық-функционалдық, салыстырмалы және социомәдени талдаудың субұлттық үдерістерді зерттеудегі үйлесімі.

2-тақырып. Саяси кеңістікті құрылымдаудың теориялық модельдері

Саяси кеңістіктің табиғаты, қасиеттері және архитектурасы. Аймақтардың географиялық, әкімшілік, экономикалық және менталдық шекаралары, оларды делимитациялау мәселесі. «Орталық — Периферия» концепциясы әлемдік-жүйелік және ішкі мемлекеттік саяси талдауда: өзара әрекеттесу модельдері, даму импульстерін тарату және бақылауды сақтау тетіктері. Аймақтардың саяси субъектілік деңгейі, экономикалық әлеуеті және мемлекеттік иерархиядағы орны бойынша типологиясы. Кеңістіктік дифференциация факторлары.

3-тақырып. Саяси аймақтану, аймақшылдық және мемлекеттік құрылым мәселелері

Саяси аймақтану жаһандану жағдайында биліктің кеңістіктік қайта құрылымдануының объективті үдерісі ретінде. Аймақшылдық ұғымы идеология, сәйкестік және саяси тәжірибе ретінде. Мемлекеттік құрылым формалары аймақтық мүдделердің нормативтік және практикалық көрінісі ретінде: әлемдегі орталықсыздандыру, деконцентрация, федерализация және автономизация үдерістерін салыстырмалы талдау. Аймақтық автономизм және сепаратизм феномені: этносаяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени детерминанттар, даму кезеңдері және кеңістіктік бөлінулерді реттеу стратегиялары.

4-тақырып. Субұлттық (аймақтық) саяси режимдер

«Аймақтық саяси режим» ұғымын унитарлық және федеративтік мемлекеттер контекстінде концептуализациялау. Субұлттық саяси дизайнды зерттеу әдіснамасы. Локалдық режим ерекшелігін қалыптастыратын факторлар: тарихи мұра, аймақтық экономикалық құрылым, макросаяси орталықтан автономия деңгейі. Аймақтық режимдердің типологиясы:

демократиялық, гибриді, авторитарлық және клиентелистік модельдер. Субұлттық және жалпы мемлекеттік режимдер арасындағы синхронизация, ауытқу және ашық қайшылықтар мәселесі.

5-тақырып. Аймақтық саяси элиталар және мүдделер топтары

Аймақтық саяси элиталардың ұғымы, құрылымы, типологиясы және рекрутинг арналары. Жергілікті басқарушы топтардың айналым ерекшеліктері. Субұлттық деңгейде билікті легитимациялау, патронаж және сақтау тетіктері. Орталық пен аймақтық элиталар арасындағы өзара әрекеттесу модельдері: кооптация, әкімшілік бағындыру, компромисс және жасырын конфронтация. Жергілікті мүдделер топтарының, бизнес қауымдастықтарының, қаржы-өнеркәсіптік топтардың және дәстүрлі бейресми желілердің (кландық құрылымдардың) аймақтық саяси күн тәртібін қалыптастырудағы және басқарушылық шешімдерге ықпал етуіндегі рөлі.

6-тақырып. Аймақтық сәйкестік және жергілікті саяси мәдениет

Аймақтық сәйкестік саяси процестің маңызды социомәдени конструктісі, мобилизациялық ресурс және фактор ретінде. Жергілікті сәйкестіктің компоненттері мен маркерлері: тарихи жады, дәстүрлер бірлігі, тілдік, этникалық және конфессиялық ерекшеліктер, аймақтық қауымдастықтардың символдық саясаты. Аймақтық сәйкестіктің субұлттық саяси мәдениетті қалыптастыруға ықпалы. Аймақшылдық пен жергілікті сәйкестікті саяси мобилизация және жергілікті билікті легитимациялау құралы ретінде пайдалану.

7-тақырып. Аймақтық электоралдық үдерістер және саяси мінез-құлық

Сайлау географиясының әдіснамасы және субұлттық деңгейдегі дауыс беруді талдау ерекшеліктері. Электоралдық мінез-құлықтың аймақтық дифференциациясы: тұрақты электоралдық бөліністер және олардың табиғаты («Солтүстік — Оңтүстік», «Батыс — Шығыс», «Орталық — Шет аймақтар», «Қала — Ауыл»). Аймақтарда сайлау науқандарын ұйымдастыру мен өткізу ерекшеліктері. Әкімшілік ресурс, дәстүрлі ынтымақтастық институттары, бейресми иерархиялар және патронаж-клиентелистік желілердің жергілікті және жалпыұлттық сайлау нәтижелеріне ықпалы.

8-тақырып. Орталық Азия және Қазақстан Республикасындағы саяси аймақтану

Посткеңестік кезеңдегі Орталық Азияның саяси кеңістігінің трансформациясы. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісінің, аймақтық саясатының және кеңістіктік даму ерекшеліктері. Орталық билік органдары мен жергілікті атқарушы және өкілді институттар (әкімдіктер мен мәслихаттар) арасындағы өзара қатынастар. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару жүйесін жаңғырту үдерістері. Аймақтық ерекшеліктердің (облыстардың демографиялық, экономикалық

және әлеуметтік-мәдени факторлары) жалпы саяси тұрақтылыққа, тәуекелдерге және ішкі саясаттың даму сценарийлеріне ықпалы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Игонин Д.И. Политическая регионалистика / Д.И. Игонин. – Казань: Казан. ун-т, 2015. – 51 с.
2. Туровский, Ростислав Феликсович. Политическая регионалистика: учебное пособие / Р. Ф. Туровский.- М.: ИД ГУ ВШЭ, 2006.- 780 с.
3. Бусыгина, Ирина Марковна. Политическая регионалистика: учебное пособие / И. М. Бусыгина. — Москва : РОССПЭН, 2006. — 278с.
4. Косов Ю. В. Политическая регионалистика. Краткий курс / Ю.В. Косов, В.В. Фокина. - Санкт-Петербург : Питер, 2010. - 192 с.
5. Мировое комплексное регионоведение: учебник / Под ред. проф. А.Д. Воскресенского. - М.: Магистр: ИНФРА-М, 2014. - 416 с.
6. The New Regionalism in Western Europe: Territorial Restructuring and Political Change Michael Keating Northampton: Edward Elgar Publishing, 1998, pp. 242
7. Regions and powers: The structure of international security. В Buzan, О Waever. Cambridge University Press, 2003. 9249, 2003
- 8 Арыстанбекова А.Х. Глобализация мировой политики. – Алматы, 2007.